

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 329 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Дельта Плюс" ғылыми-техникалық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар мен қызметтерді (сайлау учаскелері үшін "Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мамандандырылған жабдықтарды сатып алу, жаңғырту және пысықтау), беруші және "Тодес" жауапкершілігі шектеулі ғылыми-өндірістік бірлестігі "Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясына заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

жасалатын шартты 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 002 "Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат ш е г і н д е қ а р ж ы л а н д ы р у д ы ;

осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі